



Тексерілді  
«Нұрби» «Мектеп-  
Бөбекжай-балабақша кешені»  
Менгеруші  
Ж.С Бердимбетова

«Көгершін» орта топ  
ЕРТЕҢГІЛІК  
*Тақырыбы: «Ғажайып қыс»*

Тәрбиешілер: Бапаева А.Қ

2021-2022

**Тақырыбы: «Ғажайып қыс»**

**Мақсаты:** Қыс мезгілі туралы түсініктерін кеңейту. Өзіне тән ерекшеліктерін ажырата білуге, өз ойын толық жеткізе білуге үйрету. Қысқы ойындарға қажетті құралдарды атау. Табиғатты аялауға, әсемдікті сезініп, көре білуге тәрбиелеу.

**Әдіс-тәсілдері:** Әңгімелесу, түсіндіру, сұрақ-жауап, көрсету, ғажайып сәт, ойын, сергу сәті

**Көрнекілігі:** Мазмұнды суреттер, аққала, ойынға қажетті заттар.

**Шаттық шеңбері:**

Шеңбер болып тұрайық,

Алақанды ашайық,

Күннің нұрын алайық,

Таза ауаны жұтайық,

Жүрекке жылу салайық,

Мейірімділік жылуын алайық,

Жиналған жылы шуақты,

Қонақтарға шашайық.

**Жұмбақ:**

Тісі жоқ тістеп алады,

Қолы жоқ сурет салады.

(Аяз)

Қыста ғана болады,

Ұстасаң қолың тоңады.

(Қар)

**Таңғажайып сәт:**

(есікті тақылдатып Аққала кіреді).

**Аққала:** Сәлеметсіңдерме балалар, сендер мен туралы айтып жатқандарыңды естіп сендерге келдім. (қолында сумка).

**Тәрбиеші:** - Қараңдаршы балалар бүгін бізге қонаққа аққала келіпті.

- Аққала бізге қош келдің.

**Аққала:**

Мен сендерге тапсырмалар ала келдім.

**Тәрбиеші:** - Аққала бізге көптеген тапсырмалар ала келіпті. Қане балалар олай болса аққаланың әкелген тапсырмаларын орындайық.

Аққаланың тапсырмалары:

**1 тапсырма:**

**Ойын:** «Қар жинау»

Ойын шарты: Балаларды екі топқа бөлу. Ортада жатақан қағаздан умаждалып жасалған қаршықтарды, шелекке тез жинау. Қай топ тезірек жинайды, сол топ жеңіске жетеді.

**2-тапсырма:** Қыс туралы тақпақ айту.

**Алдияр:** Қыр басына шарқ ұрып,

Бір орында тұрмаймыз,